

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№5 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

Сағат – 10:00

Сенат залы

25 желтоқсан 2025 жыл

Жұма

Қатысқандар: Сенат мүшелері, Ғылым департаментінің басшысы, Ғылыми кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы

Күн тәртібінде:

4.1. Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (Баяндамашы: Сенат хатшысы А.Абибуллаева).

4.1.1 «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну мәселесін қарады. Сенат хатшысы А.Абибуллаева «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін ұсынған құжаттарымен, ғылыми қызметімен таныстырды.

А.Абибуллаева: «Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевич университеттегі қызметін 2025 жылдың қаңтар айынан бастады. Ғылым саласындағы жалпы еңбек өтілі 17 жыл. PhD ғылыми дәрежесін 2015 жылы алған. 2018 жылдың қаңтар айынан бастап аға және бас ғылыми қызметкер (7 жыл 11 ай) қызметтерін атқарып келеді.

10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша ізденуші Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевич PhD ғылыми атағын алғаннан кейін 23 ғылыми еңбегі жарық көрген, оның ішінде процентиі 35-тен жоғары Scopus базасындағы журналдарда-4 (бір мақалада бірінші автор, екі мақалада корреспондент автор), уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда-14, Шетелдік және отандық ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми еңбектері-2; Халықаралық (шетелдік) конференцияларда жарияланған еңбектер саны-3, жеке

авторлығымен жарияланған Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевичке тиесілі 9,5 баспа табақтан тұратын монографиясы жарияланған.

Шығып сөйлегендер:

«Экология» ғылыми-зерттеу институтының директоры PhD, Н.Ахметов сөз алып, «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін өтініш жазғандығын және құжаттары «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институты мәжілісінде қаралып ұсынылғанын атап өтті:

Теориялық білімі, практикалық дағдысы, ғылыми зерттеу институтты басқарудағы жүйелі және ғылыми жобаларды орындаудағы көп жылдық тәжірибесі бар «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры PhD Б.Э.Мырзабековтың химиялық технология, электрохимия бағытында ғылыми және технологиялық зерттеулер жүргізудегі тәжірибесі мен патенттері, жарияланымдары – оны 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін лайықты ізденуші ретінде қарастыруға толық негіз береді. Б.Э.Мырзабеков ғылыми тәжірибесінде өндірістік қалдықтарды өңдеу, электрохимиялық жолмен наноөлшемді метал ұнтақтарын алу және экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу бойынша білімі мен біліктілігін шыңдайтын жобалар орындаған жетекші маман.


Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевич аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұраймын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **СЕНАТ ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4.1.1. «Ботаникалық бақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры, PhD Мырзабеков Бегзат Эсенгалиевичтің аттестаттау ісін 10300 – Химиялық ғылымдар бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Абибуллаева Айман*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Абибуллаева



А.Абибуллаева